

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2018

УДК 378:616.24-002.5

**Н. С. Тәбриз, Г. С. Кемелова, Л. М. Арапова, Ж. Мұтайхан, М. Т. Қожамұратов,  
З. Ж. Жақсыбекова**

### **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ «ФТИЗИАТРИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША КЛИНИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті фтизиатрия кафедрасы, практикалық дағдылар орталығы (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада фтизиатрия пәні бойынша білім алушылардың тәжірибелік қызметінде клиникалық дағдыларды қалыптастыру сұрақтары қарастырылды, мысалы, клиникалық оқытудың мақсаттары мен міндеттері, кәдімгі академиялық оқытудан айырмашылығы, дайындалудың негізгі әдістері мен элементтері және оқытудың өзіне тән сипаттары, клиникалық оқытушыларға кеңес. Оқу үдерісін ұйымдастыруға және оқу үрдісіне сәйкес аудио-визуальды заттарды дұрыс қолдану маңыздығына мән беріліп, заманауи техникалық құралдармен жаңа оқу әдістерін енгізу және оқытудың интерактивті әдісін қолдана отырып сабақ өткізудің әртүрлі комбинациясы талданды. Сабақ берудің осындай стандартты емес жолдары клиницистерді қажетті білім мен дағдылармен қысқа мерзімде қамтамасыз ететіні, аз ғана науқастармен жұмыс істеуге, материалдық құралдарды үнемдеуге мүмкіндік беретіні, тәжірибелік дағдыларды терең игеру арқылы білім алушының оқуға талпынысын күшейтіп, клиникалық ойлауды қалыптастыруға көмектесіп, құзіретті дәрігерлер дайындауға жағдай жасайтыны тұжырымдалды.

*Кілт сөздер:* фтизиатрия пәні, білім алушылар, дәрігерлер, тәжірибелік дағдылар, заманауи оқу әдістері, оқытудың белсенді түрлері

Медициналық білім аясында реформалар мен медициналық жоғары оқу орындарында «Қазақстан - 2050» стратегиясын іске асыруға байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, және де 2016-2020 жылдарға есептелген «Денсаулық» бағдарламасы, денсаулық сақтау саласында адами ресурстарды басқару жүйесі модернизациясына кіреді. Материалдық және материалдық емес заттардың негізгі бөлігі денсаулық сақтау аясында жоғары мамандандырылған және құзіретті мамандар дайындауға бағытталады [1].

Соңғы 10 жыл ішінде туберкулезден сырқаттылық көрсеткіші 2,4-ке дейін төмендеді (100 мың тұрғынға шаққанда 2007 ж. 126,4-тен 2016 ж. 52,7-ге дейін), өлім көрсеткіші 5,3-ке дейін төмендеді 2007 ж. 18,1-ден 3,4-ке дейін [2]. Осы тұрақтылық диапазонын ұстап тұру және туберкулезді жоюдың жаңа дейгейіне шығуға талпыну үшін аталған аурумен күрес ұйымында жоғары сапалы және қауіпсіз медициналық қызметті енгізу және нығайту қажет. Осының негізінде ҚММУ фтизиатрия кафедрасының негізгі мақсаты білім алушылардың тәжірибелік қызметінде клиникалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталады.

Туберкулезді ерте анықтау, науқасты фтизиатрға жіберуге дейін негізгі шараларды белсенді жүргізу жалпы тәжірибелік дәрігер жұмысының негізгі құрамдық бөлігі болып табылады және ЖОО білім алу кезінде туберкулез диагностикасы, эпидемиологиясы, клиникасы, емі мен алдын-алу сұрақтары бойынша бағдарлануға мүмкіндік береді.

Алға қойылған мақсаттарға жетуді іске асыру үшін клиникалық оқу үрдісі жаттығу түріне жүргізіледі, негізгі элементтері – дағдылардың нақты демонстрациясы, оқуға дайындық пен қызығушылық, алған білім мен дағдылар, қарым-қатынас, көмек және бақылау болып табылады. Нақты дағдыларды игеру нәтижелі болу үшін қатысушы дағдыларды бақылай отырып орындайды, кейіннен тәжірибелік іс-шараларға көшеді. Клиникалық оқытушының рөлі стандартты білім мен дағдыларды пайдалана отырып оқуды жеңілдетуге тырысуы тиіс, оқу үрдісін басқаруы, қатысушыларды ынталандыруы, білім беру мен дағдыларды үйретуде қызығушылық танытуы қажет. Ақпаратты жеткізу тәсілі оны орындау мүмкіндігіне әсер ететінін айта кету қажет. Мысалы ақпаратты жеткізудің ең тиімді тәсілі TBL және CPL жүйесі болып табылады.

Қолайлы оқыту климатын қалыптастыруда өзара сенім қатынасын орнату қажет, яғни қатысушылар өз сұрақтарын еркін қойып, өз ойларын жеткізе алады. Клиникалық оқыту үрдісін жақсарту үшін оқу әдістерін кезектестіру және шыншылдықты ұмытпау керек. Оқытушы оқыту үрдісі бойынша пациентке қауіпті төмендетуі қажет. Яғни, білім алушыларға анатомиялық муляждарды, слайдтар мен видеофильмдер, рентген-суреттерін көрсетіп демонстрациялауы қажет. Оқу барысында мақсатқа жетуге жауапкершілік курсты жүргізуге, ұйымдастыруға, дайындыққа қатысушылардың барлығына жүктеледі, әсіресе оқытушыларға, сондықтан клиникалық оқыту-

шыларға кейбір кеңестер беріледі: сабаққа алдын ала дайындық, қатысушыларды оқу үрдісіне белсенді қызықтыру және ынталандыру, ақпаратты қысқа және нақты айту, сабырлы болу, тындаушыларды сұрақ қоюға талпындыруы, әр сабақ соңында түйінді сәттерді қайталауы қажет.

Оқу үрдісінде сәйкес аудио-визуальды заттарды дұрыс қолдану маңызды болып табылады. Әр адам материалды өздігінше игереді және әртүрлі аудиовизуальды заттарды қолдану ақпаратты әртүрлі тәсілмен алуға көмектесіп оқу үрдісін жақсартады.

Фтизиатрия кафедрасы академиялық білім беру әдісінен клиникалық әдіске өтуде. Сондықтан сабақ өткізу жоспары келесі нұсқалардың бірімен немесе комбинациясымен жүргізіледі: кіші топтарда жұмыс жасау, клиникалық жағдайларды талдау, топтық дискуссия, мильқ шабуыл, рөльдік ойындар, иллюстрацияланған дәріс, сұрақтар әдісін қолдану, қорытынды жасалғаннан кейін үй тапсырмасы.

Кафедрада сабақ жүргізудің әртүрлі тәсілдері қолданылады.

Кіріспе үшін: жаттығулар орындау, өткен тақырыпты қайталау, келешек жұмыспен байланысты қадағалау, жағдайларды талдау (толығырақ, пациент өміріне қауіптілікті талдау), тақырыптың шын өмірмен байланысы және өз тәжірибесінен баяндау.

Мильқ шабуыл: басты мақсаты-топта нақты тақырып бойынша ойлар жиынтығын қалыптастыру болып табылады. Сабақ басында тақырыпты түсіну деңгейін анықтау үшін қолданылады және «энергетикалық» әсер көрсетеді.

Кіші топтарда жұмыс: қатысушылар 3-4 адамнан топқа бөлінеді, оларға үлкен жауапкершілік және өз ойларын нақты айту жүктеледі. Соңында оқытушы қорытынды шығарады және қатысушылардың барлық уақытта бір топта болмауларын қадағалайды.

Клиникалық жағдайларды талдау: нақты және шынайы жағдайлар қарастырылады, мәселелерді шешу дағдысы дамиды, клиникалық ойлау қалыптасады. Оның негізі оқытушының клиникалық тәжірибесі, ауру тарихы/ медициналық карталар, клиникалық персонал тәжірибесі, қатысушы анықтамалары болып табылады.

Топтық дискуссия: оқыту сабағын аяқтаған соң, видеофильмдер карағаннан, клиникалық демонстрациядан, клиникалық жағдайларды талдағаннан кейін оқытушы дискуссияның тақырыптан ауытқымауын және қатысушы-

лардың ынтасын қадағалап отырып, қорытындыны қойылған мақсатпен байланыстырады.

Оқыту сабағының қорытындысы қысқа әрі барлық сұрақты қамтуы қажет.

Фтизиатрия пәні бойынша «Жалпы медицина» 4 курс студенттері келесі тәжірибелік дағдыларды игеруі керек: туберулезге күдіктенгенде фтизиатрдың міндетті диагностикалық зерттеуін білуі, туберкулез микобактериясын анықтау мақсатында материалды алу тәсілдері, микробиологиялық зерттеу нәтижелері бойынша бактерия бөлу дәрежесін анықтау, рентгенологиялық зерттеу түрлері, өкпе туберкулезі диагностикасында қолданылуы, кеуде клеткасы ағзаларының рентгенограммасында патологиялық көлеңкенің қысқаша интерпретациясы, стандартты Манту сынағасын жасау және бағалау тәсілі.

«Терапия», «Жалпы тәжірибелік дәрігер», «Педиатрия» мамандығы бойынша интерндер келесі тәжірибелік дағдыларды игеруі керек: туберкулезбен науқасқа спонтанды пневмоторакс және өкпеден қан кету кезінде диагностика және шұғыл дәрігерлік көмек көрсету, экссудатты плеврит кезінде плевральды пункция және туберкулезді менингит кезінде люмбальды пункция жасау әдісі, бронхоскопия мен брашбиопсия, видеоторакоскопиялық биопсия, рентгенограмма оқи білу және жетекші рентгенологиялық синдромды анықтау.

Осылайша, клиникалық дайындық клиникалық оқытушы мен қатысушы арасындағы өзара қатынасты талап етеді, ҚММУ фтизиатрия кафедрасындағы заманауи техникалық құралдармен жаңа оқу әдістерін енгізу, оқытудың интерактивті әдісі, тәжірибелік дағдыларды терең игеру білім алушының оқуға талпынысын күшейтіп, клиникалық ойлауды қалыптастыруға көмектеседі, құзіретті дәрігерлер дайындауға жағдай жасайды.

### ӘДЕБИЕТ

1 Аденов М. М. Реализация мероприятий по туберкулезу в Республике Казахстан /М. М. Аденов, Э. А. Берикова, П. М. Джазыбекова //Фтизиопульмонология. – 2017. – №2 (30). – Б. 4-8.

2 «Денсаулық» 2016-2020ж. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамыту мемлекеттік бағдарламасы.

### REFERENCES

1 Adenov M. M. Realizacija protivotuberkuleznych meroprijatij po tuberkulezu v Respublike Kazakhstan /M. M. Adenov, Je. A. Berikova, P. M. Dzhazybekova //Ftiziopul'monologija. – 2017. – №2 (30). – B. 4-8.

*N. S. Tabriz, G. S. Kemelova, L. M. Arapova, Zh. Mutayhan, M. T. Kozhamuratov, Z. Zh. Dzhaksybekova*  
**FORMATION OF CLINICAL SKILLS LEARNING ON THE «PHTHISIOLOGY»**  
*Department of phthiology, Center of practical skills of Karaganda state medical university*  
*(Karaganda, Republic of Kazakhstan)*

The article deals with the formation of clinical skills in the practical activities of students in the «Phthiology», namely: the goals and objectives of clinical teaching, unlike conventional academic training, basic methods and elements of training and characteristics of training, advice to clinical teachers. Attention is paid to the organization of the educational process and the correct use of audio-visual aids, an analysis of various combinations of practical exercises with the inclusion of modern technology, interactive teaching methods. It is summarized that such non-standardized approaches to teaching provide clinicians with the necessary knowledge and skills for shorter periods, with fewer patients involved, saves money, allows them to increase the motivation of learners for learning, contribute to the formation of their clinical thinking, and, thereby, create conditions for the training of competent doctors.

*Key words:* phthiology, students, doctors, practical skills, modern methods of teaching, active types of training

*H. C. Табриз, Г. С. Кемелова, Л. М. Арапова, Ж. Мутайхан, М. Т. Кожамуратов, З. Ж. Джаксыбекова*  
**ФОРМИРОВАНИЕ КЛИНИЧЕСКИХ НАВЫКОВ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ФТИЗИАТРИЯ»**  
*Кафедра фтизиатрии, Центр практических навыков Карагандинского государственного медицинского университета (Караганда, Казахстан)*

В статье рассмотрены вопросы формирования клинических навыков в практической деятельности обучающихся по дисциплине «Фтизиатрия», а именно: цели и задачи клинического обучения, отличие от привычного академического обучения, основные методы и элементы тренировки и характерные черты обучения, советы клиническим преподавателям. Уделено внимание организации учебного процесса и правильному использованию при этом аудио-визуальных средств, проведен анализ различных комбинаций практических занятий с включением современных технических средств, интерактивных методов обучения. Резюмировано, что такие нестандартизированные подходы к преподаванию обеспечивают клиницистов необходимыми знаниями и навыками за более короткие сроки, с меньшим количеством вовлеченных пациентов, экономят материальные средства, позволяют усилить мотивацию обучающихся к обучению, способствуют формированию у них клинического мышления, и, тем самым, создают условия для подготовки компетентных врачей.

*Ключевые слова:* дисциплина «фтизиатрия», обучающиеся, врачи, практические навыки, современные методы обучения, активные виды обучения